

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ақтөбе қалалық білім бөлімі» ММ
«№36 қазақ орта мектебі» КММ-нің кезектен тыс қамқоршылық кеңесінің
ХАТТАМАСЫ**

11 маусым 2024 жыл

Қатысқандар саны - 7 адам

Шақырылғандар- (өзін –өзі бағалау комиссия мүшелері)

КҮН ТӘРТІБІ :

1. Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 05 желтоқсан 2022 жылғы №486 бұйрығы негізінде «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» өлшемшарттар талаптарына сәйкес «№36 қазақ орта мектебі» КММ қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау есебінің қорытындысы . Хабарламашы- мектеп директоры Б.У.Сарин .

Тыңдалды:

Г.С.Елтезерова-қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Кезектен тыс қамқоршылық кеңес отырысының мәселесімен таныстырып, №36 қазақ орта мектебінде ағымдағы жылдың наурыз айының 04 бастап мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысының жүргізіліп , барлық сала бойынша қызметтің зерделенгендігін атап өтті. Мектептің өзін –өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді мектеп директоры Б.У.Саринге берді.

Сөйлеуші:

Сарин Бауыржан Утеумагамбетович — мектеп директоры, комиссия төрағасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі , діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы » №473 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» әдістемелік ұсынымы басшылыққа алып, №36 қазақ орта мектебінің кезектен тыс өткізілген №6 педагогикалық кеңесінің шешімімен 2024 жылдың наурыз айының 04 бастап мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін –өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелеріне тапсырмалар бөлініп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік –құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «қанағаттанарлық» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парағы көрсетілді) Мектептің қызметіне өзін –өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы,біліктілігін арттыру курстарынан өткен

педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіміне сәйкес жабдықтармен және жиназбен жаратандырылуымыз, оқу –әдістемелік кешендермен қамтамасыз етуіміз сәйкестігі бағаланды. Мектеп педагогтары мен 4,9 сынып білім алушыларының ата-аналарынан және мектеп алды сыныбының тәрбиеленушілерінің дайындық деңгейіне ата –аналарының пікірін білу үшін, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден офлайн сауалнамалар алынды. Сонмен қатар,білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9 сынып білім алушыларынан кешенді тестілеу жүргізілді. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыпатын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарынына сәйкес жоғарыдағы көрсетілген мазмұнда бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасынап «қанағаттанарлық» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парағы көрсетілді)

Шығып сөйлеушілер:

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі А.Шекерова мектеп қызметіне жүргізілген өзін –өзі бағалау жұмыстарына қанағаттанатынын айтты.

А.Оразымбетова : Менде Ақмарал апаймен қосылып, мектеп қызметіне жүргізілген өзін –өзі бағалау жұмыстарына қанағаттанатынын сөз етті.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Г.С.Елтезерова мектеп қызметіне жүргізілген өзін –өзі бағалау жұмыстарының берілген қорытындысын қолдайтынын атап өтті.

Күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып, талқылана отырып, қамқоршылық кеңесі шешім қабылдады.


ШЕШІМ :


1. Мектеп директорының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері «қанағаттанарлық» деп бағалансын.
2. «№36 қазақ орта мектебі» КММ-нің өзін-өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы мектептің интернет-ресурсына салынып жариялансын.
3. Қамқоршылық кеңесінің шешімі де мектептің интернет-ресурсына жариялансын.

Кеңес төрайымы  Г.С.Елтезерова

Хатшысы  Р.М.Салекина


Кеңес мүшелері  А.Шекерова

 Н.С.Баймағамбетов

 А.С.Оразымбетова

 Л.М.Балтабаева

 А.Р.Жиеналина

 О.Н. Әлиев